

1-БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже «Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы» заңды тұлғалардың бірлестігіне (бұдан әрі – Қауымдастық) мүшелік мәселелерін, Қауымдастық кандидаттары мен мүшелеріне қойылатын жалпы талаптарды, өтініштерді беру және қарау, Қауымдастық мүшелігіне қабылдау және одан шығару тәртібін, сондай-ақ мүшелік жарналарды төлеу мәселелерін реттейді.

1-бап. Терминдер мен анықтамалар

1.1. Осы Қауымдастыққа мүшелік туралы ереженің (бұдан әрі – Ереже) мақсаттары үшін төмендегі ұғымдар мен терминдер, егер контекстен басқасы туындамаса не өзгесі арнайы белгіленбесе, келесі мағыналарда пайдаланылады:

Қауымдастықтың жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамсыз ету, Қауымдастық мүшелерінің қызмет ету жағдайларын қамтамасыз ету үшін арналған, сондай-ақ Қауымдастық мүшелеріне қойылатын, оларды сөзсіз орындау Қауымдастыққа мүшеліктің қажетті шарты болып табылатын талаптарды қамтитын «Қауымдастық құжаттары»:

- Жарғы;
- Құрылтай шарты;
- Құрылтайшылардың Жалпы жиналысы және Қауымдастықтың

Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер;

«Құрылтайшылардың Жалпы жиналысы» - Жоғары орган;

«Кенесші орган» – Қауымдастықтың Қамқоршылық кеңесі;

«Қауымдастықтың Директорлар кеңесі» - Алқалық орган;

«Қауымдастық басқармасы» - Атқарушы орган;

«Кандидат» - мақсаты Қауымдастық мүшелігіне кіру болып табылатын, бұл туралы мәлімдеген және мұндай мақсат үшін Қауымдастық құжаттарында белгіленген әрекеттерді орындайтын заңды тұлға (ұйым).

1.2 Осы баптың 1-тармағының ережелерінен залалын тигізбей осы Ереженің мақсаттары үшін олардың анықтамасы және/немесе түсіндірілуі, егер контекстен басқасы туындамаса не өзгесі арнайы белгіленбесе, Қауымдастықтың басқа да құжаттарында қамтылған ұғымдар мен терминдер де пайдаланылады.

2-бап. Қолдану саласы

2.1. Осы Ереже Қауымдастық мүшелігіне қабылдау, сондай-ақ Қауымдастық мүшелерінің құрамынан шығуы және шығарылуы, Қауымдастық мүшелерінің құқықтарын жүзеге асыруы мен міндеттерін орындау тәртібін белгілейді.

2.2. Осы Ереже Қауымдастық мүшелерінің соңғысының Қауымдастық мүшелерінің қызмет етуіне, оның ішінде қарым-қатынаста нормаларды әзірлеу мен іске асыру арқылы қамтамасыз етілетін жағдайлар жасау үшін Қауымдастықтың жарғылық мақсаттары мен міндеттерін іске асыруы шеңберіндегі мүмкіндіктерін жалпы пайдалану тәртібін белгілейді:

- Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру тәртібін;
- Қауымдастыққа кіру және одан шығу қағидаларын;
- Қауымдастық мүшелерінің мүшелік жарналарды төлеу тәртібін;

2-БӨЛІМ. ҚАУЫМДАСТЫҚҚА МҮШЕЛІК

3-бап. Қауымдастыққа мүшелікке жататын жалпы ережелер

3.1. Қауымдастық мүшелері мүліктің барлық түрлерін ұсынатын, Қауымдастықпен ынтымақтастыққа мүдделі, оның қызметін дамытуға үлес қосатын және Қауымдастыққа қаржылық және басқа да көмек көрсететін, Жарғы талаптарын сақтайтын және мүшелік жарналарды төлейтін коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.

3.2. Қауымдастықта мүшеліктің келесі түрлері қарастырылған:

3.3. **Қауымдастықтың мүшесі** ретінде мүшелік;

3.4. **Қауымдастықтың Аккредиттелген байқаушысы** ретінде мүшелік.

3.5. Қауымдастық мүшелері.

Қауымдастық мүшелері меншіктің барлық түрлерін білдіретін, Қауымдастықпен бірлесіп жұмыс істеуге мүдделі, оның қызметінің дамуына жәрдемдесетін және Қауымдастыққа қаржылай және басқа да көмек көрсететін, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ Жарғы талаптарын орындайтын және мүшелік жарналарды төлейтін Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін дамытуға мүдделі оқу орындары, шағын кәсіпкерлік субъектілері мен басқа да шағын кәсіпкерлік ұйымдарының өкілдері болып табылады.

3.6. Аккредиттелген байқаушылар.

Білім беру мекемелері, ғылыми ұйымдар, қорлар, қауымдастық (одақ) түріндегі заңды тұлғалардың бірлестіктері, сондай-ақ қаржы институттары, банктер, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар **мүшелік жарналарды төлемейтін** аккредиттелген байқаушылар болып табылады.

Қабылдау немесе бас тарту туралы шешім аккредиттелген бақылаушы ретінде туралы шешімді Қауымдастықтың Директорлар кеңесі қабылдайды.

3.7. Құқықтық мирасқорлық жағдайларын қоспағанда, Қауымдастыққа мүшелікті беруге жол берілмейді.

3.8. Қауымдастық мүшелері Жарғыға және осы Ережеге сәйкес Қауымдастықтың қызметіне қатысады.

4-бап. Қауымдастыққа кіру үшін қажетті құжаттар

4.1. Қауымдастыққа **Мүше** немесе **Аккредиттелген Байқаушы** ретінде кіру үшін Кандидатқа Қауымдастық Басқармасына келесі құжаттарды ұсынуы қажет:

- Басқарма Төрағасының атына жазылған, кандидаттың басшысы қол қойған өтініш;

- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің кандидат куәландырған көшірмесі (немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманы).

5-бап. Қауымдастық мүшелігіне қабылдау туралы шешім қабылдау тәртібі

5.1. Қауымдастыққа мүшелікке жаңа мүшелердің кіруі Қауымдастықтың Басқарма Төрағасының атына өтініш жазу негізінде жүргізіледі.

5.2. Кандидаттан осы Ережеде белгіленген барлық материалдар мен құжаттарды алғаннан кейін, Қауымдастық қызметкері кандидаттың Қауымдастыққа кіру туралы белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылауды жүзеге асырады.

5.3. Кандидаттың талаптарға сәйкестігін бақылау осы Ережеде көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі. Егер ұсынылған деректер шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болса немесе оларды қосымша тексеру қажет болса, аталған мерзім екі есе ұзартылуы мүмкін.

5.4. Құжаттарда қамтылған деректерді тексеру шеңберінде Қауымдастық оның жұмысының жалпы ұйымдастырылуымен танысу үшін өз өкілін кандидаттың кеңсесіне жіберуге құқылы. Өтініш берушінің белгіленген талаптарға сәйкестігі фактісін анықтау үшін Қауымдастық өкілі қосымша мәліметтерді талап етуге құқылы, ал кандидат оларды ұсынуға міндетті.

5.5. Қауымдастыққа қабылдау Басқарма Төрағасының атына жазылған уәкілетті органның (кіретін заңды тұлғаның) жазбаша өтініші негізінде және ол кіру жарнасын төлегеннен кейін Басқарманың ұсынысы бойынша Жарғыда белгіленген тәртіпте қабылданатын Қауымдастықтың Директорлар кеңесінің шешімімен жүзеге асырылады.

5.6. Қауымдастықтың Директорлар кеңесінің отырысына кандидаттың басшысы шақырылуы мүмкін.

5.7. Қауымдастық мүшелігіне қабылдау туралы шақыру Қауымдастықтың Директорлар кеңесі шешім қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.

5.8. Қауымдастық мүшесіне Қауымдастықтың Директорлар кеңесінің Қауымдастыққа мүшелікке қабылдау туралы шешімінің көшірмесі (хаттамадан үзінді-көшірме) жолданады.

5.9. Қауымдастыққа мүшелікке қабылдаудан бұған дейін бас тартылған кандидат бас тарту алған соң кемінде бір айдан кейін қабылдау туралы қайта өтініш беруге құқылы.

5.10. Қабылдаудан бас тартқан жағдайда, Қауымдастыққа мүшелікке кандидатқа бұған дейін төлеген кіру жарналары қайтарылады.

6-бап. Қауымдастыққа мүшелікке кіретін кандидаттарға қойылатын талаптар

6.1. Қауымдастық мүшелігіне кандидат және аккредиттелген байқаушылар заңда белгіленген тәртіпте тіркелген заңды тұлға болуы тиіс.

6.2. Қауымдастық мүшелігіне кандидат және аккредиттелген байқаушылар Қауымдастық Жарғысын, мақсаттары мен міндеттерін тануы тиіс.

7-бап. Қауымдастық мүшелерінің және аккредиттелген байқаушылардың құқықтары мен міндеттері

7.1. Қауымдастық мүшелері мыналарға құқылы:

7.1.1. Дауыс берген кезде дауыс беру құқығымен және Қауымдастық Жарғысында белгіленген тәртіпте Қауымдастық істерін басқаруға қатысуға;

7.1.2. Қауымдастықтың басқару органдарына кандидатуралар ұсынуға және сайлануға;

7.1.3. Қауымдастық мүшелерінің қызмет мәселелері бойынша білікті әдістемелік және ғылыми-технологиялық кеңес, заңнамалық-құқықтық және қаржылық-экономикалық кеңес алуға;

7.1.4. Қауымдастықтың басқару органдарының қарауына Қауымдастықтың қызмет мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге, осы мәселелерді талқылауға қатысуға;

7.1.5. Қауымдастық мүшелерінің қызметі туралы ережелер мен шешімдерді өз жұмысында қолдануға;

7.1.6. Қауымдастықтың қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде оның бухгалтерлік есептілігімен және басқа да қаржылық құжаттарымен танысуға;

7.1.7. Қауымдастық Жарғысында көзделген тәртіпте кезектен тыс Жалпы жиналысты шақыруға;

7.1.8. Қауымдастықтан кез келген уақытта шығуға;

7.1.9. Қауымдастықтың қызметі туралы ақпарат алуға, оның ақпараттық-талдамалық құжаттарын алуға;

7.1.10. Қауымдастықтың басқару органдарының қарауына Қауымдастық қызметінің мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

7.1.11. Қауымдастық қызметінің мәселелерін талқылауға қатысуға;

7.1.12. Қауымдастық мүшелерінің қызметі туралы ережелер мен шешімдерді өз жұмысында қолдануға;

7.1.13. Қауымдастықтың жылдық қаржылық есептілігін қарауға;

7.1.14. Олар бойынша шешім қабылдау Қауымдастық құрылтайшыларының Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

7.2. Аккредиттелген байқаушылар мыналарға құқылы:

7.2.1. Қауымдастықтың қызметі туралы ақпарат алуға, оның ақпараттық-талдамалық құжаттарын алуға;

7.2.2. Қауымдастық қызметінің мәселелерін талқылауға қатысуға;

7.2.3. Қауымдастық мүшелерінің қызмет мәселелері бойынша білікті әдістемелік және ғылыми-технологиялық кеңес, заңнамалық-құқықтық және қаржылық-экономикалық кеңес алуға

7.2.4. Қауымдастықтан кез келген уақытта шығуға;

7.2.5. Қауымдастық ұйымдастыратын іс-шараларға қатысу.

7.3 Қауымдастық мүшелері және Аккредиттелген байқаушылар мыналарға міндетті:

7.3.1 осы Жарғының ережелерін сақтауға;

7.3.2. кіру және мүшелік жарналарды уақытылы төлеуге (Аккредиттелген Бақылаушыларға қолданылмайды);

7.3.3. Қауымдастыққа олардың қызметімен байланысты мәселелерді шешу үшін

қажетті және коммерциялық құпия болып табылмайтын ақпарат ұсынуға, заңды тұлғаның атауында, құқықтық мәртебесінде және мекенжайында болған өзгерістер туралы уақтылы хабарлауға;

7.3.4. Қауымдастықтың мақсаттарына қол жеткізуге белсене қатысуға;

7.3.5. Қауымдастықтың құпия ақпаратын жария етпеуге;

7.3.6. Қауымдастықтың органдарының шешімдеріне сәйкес оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті статистикалық және басқа да ақпараттың уақтылы және толық түсуін қамтамасыз етуге.

7.3.7. Қауымдастық алдында тұрған міндеттерді шешуге жәрдемдесуге;

7.3.8. Қауымдастық Жарғысының ережелерін сақтауға;

7.3.9. Қауымдастықтың заңды мүдделеріне және олар жүзеге асыратын бағдарламаларға залал келтіруі мүмкін әрекеттерден тартынуға міндетті;

3-БӨЛІМ. МҮШЕЛІК ЖАРНАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

8-бап. Мүшелік жарналарға қатысты жалпы ережелер

8.1. Қауымдастықта кіру және мүшелік жарналар көзделеді.

8.2. Қауымдастық Құрылтайшыларының Жалпы жиналысы Қауымдастық Жарғысына сәйкес, Жарналар туралы ережеде айқындалатын тәртіппен жарналар төлеу мөлшері мен тәртібін жыл сайын белгілейді.

8.3. Кіру жарнасы жаңадан қосылған Құрылтайшының Қауымдастықтың құрылтайшылар қатарына ресми растауы болып табылады және оның мөлшерін құрылтайшылардың жалпы жиналысы бекітеді;

8.4. Қауымдастық мүшелерінің жыл сайынғы мүшелік жарнаны төлеуі Мүшелік жарналарды төлеу туралы ережеде айқындалатын тәртіпте жүргізіледі.

4-БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9-бап. Қауымдастыққа мүшелікті тоқтату

9.1. Қауымдастыққа мүшелік Қауымдастықтан ерікті түрде шығу арқылы не Қауымдастық Жарғысында белгіленген тәртіппен Қауымдастықтың Директорлар кеңесінің шешімі негізінде одан шығару нәтижесінде тоқтатылуы мүмкін.

9.2. Қауымдастықтың әрбір мүшесі бұл туралы Қауымдастықтың Басқарма төрағасына шығуға дейін 1 айдан кешіктірмей жазбаша хабарлау арқылы, қаржылық жыл аяқталғанда өз еркімен шығуға құқылы және Қауымдастық мүшелері құрамынан шығару үшін негіздер және Қауымдастық құжаттарында белгіленген берешектер болмаған кезде және Қауымдастық органдарының шешімімен және басқа төлемдер болмаған кезде бұл құқықты іске асыра алады.

9.3. Шығару үшін негіздер және белгіленген төлемдерді төлеу бойынша берешектер болмаған кезде Қауымдастық мүшелерінің құрамынан өз еркімен шыққан жағдайда мұндай шығу туралы мәлімдеуші Қауымдастықтың Басқарма Төрағасы шығу туралы өтінішті алғаннан кейін күнтізбелік отыз бірінші күні Қауымдастық мүшесі мәртебесінен айрылады.

9.4. Қауымдастықтың мүшелігінен шығару Қауымдастықтың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, Қауымдастық Жарғысында белгіленген тәртіпте

жүзеге асырылады.

Шығару үшін негіздер мыналар болып табылады:

- 1) Қауымдастық Жарғысының нормаларын бұзу;
- 2) құпия ақпаратты жария ету;
- 3) Қауымдастық мүдделеріне қауіп төндіретін елеулі зиян келтіру;
- 4) жарналарды белгіленген мерзімдерде төлемеу;
- 5) Қауымдастық алдындағы өзіне алған міндеттемелерді орындамау.

9.5. Қауымдастық мүшесінің Қауымдастықтан шыққан күні Қауымдастықтың Директорлар кеңесінің тиісті шешім қабылдаған сәті болып табылады.

9.6. Қауымдастықтан шығып қалған немесе шығарылған заңды тұлғалардың Қауымдастыққа жарналар немесе Қауымдастыққа берілген басқа да мүлік ретінде төленген ақша қаражаттарын қайтаруды талап етуге құқығы жоқ. Олардың сондай-ақ Қауымдастыққа өздерінің мүшелігімен байланысты қандай да бір шығыстардың өтелуін талап етуге құқығы жоқ.

10-бап. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау тәртібі

10.1. Қауымдастықтың құрылтай құжаттарының ережелеріне қайшы келмейтін осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар құрылтайшылардың Жалпы жиналысының отырысында қабылдануы мүмкін.